

**Арал ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 маусымдағы № 69 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 8427-11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 493 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 23.12.2025 № 493 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арал ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Арал аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б. Турахметов*